



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының жүктерін Клайпеда мемлекеттік теңіз порты арқылы тасымалдауды орындау үшін көліктік және басқа қызметтер көрсету туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қыркүйек N 1317

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 7 наурызда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының жүктерін Клайпеда мемлекеттік теңіз порты арқылы тасымалдауды орындау үшін көліктік және басқа қызметтер көрсету туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының жүктерін Клайпеда мемлекеттік теңіз порты арқылы тасымалдауларды орындау үшін көлік және басқа да қызметтер көрсету туралы
Келісім

Бұдан әрі қарай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі, жан-жақты ынтымақтастыққа ұмтыла отырып,

Қазақстан Республикасының жүктерін Клайпеда мемлекеттік теңіз порты (бұдан әрі қарай - Клайпеда порты) арқылы транзитті тасымалдауларды орындаудың өзара тиімділігін назарға ала отырып,

Литва Республикасының аумағы арқылы мемлекетаралық транзитті тасымалдаулардың сапалы және келісілген көлемін орындау мақсатында, тасымалдардың қауіпсіз қозғалысы мен тиімділігіне кепілдік бере алатын

технологиялық тасымал процесі мен коммерциялық қызмет көрсетулердің өзара әрекеттестігі қажет деп есептей отырып,
мына төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

1. "Клайпеда порты арқылы жүктерді тасымалдау" термині Клайпеда портына (портынан) жүк тасымалдауларды, оны қайтара тиеуді сақтауды және осы процедураларды орындауға ресми рұқсат етілген Клайпеда порты аумағында орналасқан кәсіпорындар мен терминалдардағы жүк тасымалына байланысты басқа да процедураларды білдіреді.

2. "Қазақстан Республикасының транзитті жүгі" термині Клайпеда порты арқылы транзитті тасымалдауға арналған және оның жіберушісі немесе алушысы Қазақстанның шаруа жүргізуші субъектісі болып табылатын жүкті білдіреді.

2-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

а) өз шаруа жүргізуші субъектілерінің Клайпеда портын пайдалануын жан-жақты қолдауға;

б) өз заңдары мен басқа да нормативті актілері шеңберінде Клайпеда порты арқылы тасымалданатын экспорттық-импорттық жүктер үшін шекаралық, кедендік және өзге де формальдылықтарды оңайлатуға және жеңілдетуге міндеттенеді.

Литва Республикасының Үкіметі:

а) Қазақстан Республикасының жүктерін Литва Республикасының аумағы және Клайпеда порты арқылы транзитті тасымалдауға жан-жақты жәрдем жасауға;

б) өз заңдары мен басқа да нормативті актілері шеңберінде Клайпеда портында кемелердің тұрып қалуын азайту үшін, портта шекаралық, кедендік және өзге де формальдылықтарды оңайлату және жеңілдету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға;

в) Қазақстан Республикасының транзитті жүгін әкелуге, әкетуге

және сақтауға, сондай-ақ жүкті түсіру-тиеу үшін қажетті коммерциялық операцияларға байланысты көрсетілетін порттық қызметтерді пайдалану үшін өз кемелеріне көрсетілетіндей жағдайларға кепілдік беруге міндеттенеді.

3-бап

Қауіпті жүктер мен қоршаған ортаны ластайтын жүктер Литва Республикасының құзырлы ведомстволарының рұқсаттары болған жағдайда ғана, сондай-ақ Литва Республикасының заңдары мен нормативті актілерін басшылыққа ала отырып тасымалданады.

4-бап

Уағдаласушы Тараптар тиіп-түсірумен, сақтаумен және жүктерді жіберіп тұрумен және кемелерді агенттеумен айналысатын бірлескен кәсіпорындар құруды көтермелейтін болады.

5-бап

Уағдаласушы Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттар мен келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттеріне, сондай-ақ үшінші мемлекеттердің Литва Республикасының аумағы мен Клайпеда порты арқылы транзитті жүктерді тасымалдау құқықтары мен міндеттеріне осы Келісімнің қатысы жоқ.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар құрамына құзырлы органдардың өкілдері кіретін Аралас комиссия құрады. Аралас комиссия жазбаша өтініш түскеннен кейін 3 (үш) айдан кешіктірмей Уағдаласушы Тараптардың біреуінің өтініші бойынша жиналады. Аралас комиссияның әрбір мәжілісінің күн тәртібі Уағдаласушы Тараптардың құзырлы органдары арасындағы келісім бойынша белгіленеді.

Аралас комиссияның құзырлығында:

- а) сауда кеме қатынасы мен Литва Республикасының Клайпеда портын Қазақстан Республикасының транзитті жүгін тасымалдау үшін пайдалану тиімділігін, сондай-ақ оның көлемін ұлғайту перспективасын талқылау;
- б) осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындайтын кез келген дауды шешу;
- в) осы Келісімге енетін өзгертулерге немесе толықтыруларға қатысты келіссөздер жүргізу болып табылады. Осы Келісімге енетін өзгертулер немесе толықтырулар хаттамаларымен ресімделеді.

Егер Аралас комиссия шешімдер қабылдамаса, дау Уағдаласушы Тараптардың келіссөздері жолымен шешілетін болады.

7-бап

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғандығы туралы Уағдаласушы Тараптар бір-біріне дипломатиялық арналар арқылы хабарлаған соң 30 күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім үш жылға жасалады. Егер үш жылдық мерзім аяқталғанға дейін үш ай бұрын Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысы да оның қолданысын тоқтатқысы келетіндігі туралы өз тілегін екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша түрде мәлімдемесе, оның қолданысы келесі үш жылдық мерзімдерге

өздігінен ұзартылатын болады.

Алматы қаласында, 1997 жылғы 7 наурызда екі данада, әрқайсысы қазақ, литван және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің заңды күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары пайда болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Литва Республикасының
Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.